
ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ
Орталық ғылыми кітапхана
Центральная научная библиотека
175 жыл
Абай Құнанбаев
(1845-1904)


Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де - бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!












Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жыйнағы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1934. – 1 том. – 322 б.

Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жыйнағы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1934. – 2 том. – 302 б.







Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 175 б.

Абай. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. – Алматы, 1945. – 64 б.




Абай. - Алматы, 1940. – 137 б.




Абай - Алматы, -1976




Абай - Алматы, -1988




Абай - Алматы, -1986




Абай. Ата ақылы. – Алматы: Балауса, 1994




Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, қалам қас. – Алматы: Өнер, 1986. – 91б.




Абай /Ибраһим/ Құнанбаев. Ғылым таппай мақтанба. - Алматы, 1950. – 82 б.




Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Қалың елім қазағым... Таңдамалы өлеңдер жинағы. - Семей, 2005. - 160 б.




Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. «Қалың елім қазағым...». – Астана, 2006. -160 б.




Абай. Қара сөздері. – Аламаты: Өлең, 2006. – 124 б.




Абай Кунанбаев. «Қара сөз» «Книга слов». – Семей, 2007. - 368 с.




Абай Құнанбаев. Өлеңдері. – Алматы: Мектеп, 1987. – 158 б.










Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.

Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер. - Алматы, 1936. – 126 б.

Абай Құнанбаев. Рухнама. - Павлодар, 2003. - 6-кітап. – 252 б.










Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Сәулең болса кеудеңде... – Семей, 2009. - 144 б.

Абай сөзіне жазылған әндер. - Алматы, 1954. – 44 б.

Абай Құнанбаев. Хикмет кітабы. – Алматы, 2011. - 586 б.




Абай Құнанбаев. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. - 568 б.




Абай әндері=Песни Абая. - Алматы: Өнер, 1994. – 79 б.




Абайдың әндері мен күйлері =Песни и кюи Абая. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 132 б.




Абай. Қара сөздер. – Алматы: «Арда», 2007.- 168 бет.




Абай. Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ. – Алматы: Жалын, 1990. -126 б.




Абай Құнанбайұлы. Сен де бір кірпіш дүниеге.... – Алматы: Рауан, 1994. - 170 б.




Абай. Слова назидания. - Алматы: Өнер, 2006. – 136 с.




Абай Кунанбаев. Лирика и поэмы. – Москва, 1940. - 205 с.




Абай Стихи. Слова назидания. – М.: Русская книга, 2003. – 240 с.




Абай (Ибрагим) Кунанбайулы. Слова Назидания. – Алматы, 2013. - 224 с.




Абай. Книга Слов. Поэмы. - Алма-Ата: ЕЛ, 1992. - 272 с.




Абай. Лирика. Стихи: Переводы русских поэтов. - Алматы: Гылым, 1995. – 208 с.




Абай. Двадцать стихотворений на трех языках. - Астана: Аударма, 2008. - 136 с.




Абай. Я – человек – загадка... – Астана: Аударма, 2009. - 504 с.




Абай: Энциклопедия. - Алма-Ата: Атамұра, 1995. – 720 б.




Абай жолы. Энциклопедиясы. – Алматы: Арда, 2008. – 504 б.

«АБАЙДЫҢ БҮКІЛ ПОЭЗИЯСЫ, ОНЫҢ ЖАҢА ЛЕБІЗДІ, ОРАМДЫ ӨЛЕҢІНІҢ, ӨМІРЛІК ҚУАТҚА ТОЛЫ ОБРАЗДАРЫНЫҢ КҮШІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ЕСКІРГЕН ИДЕЯЛАР МЕН СЕЗІМДЕР ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҒАРДЫ»

М. ӘУЕЗОВ




Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997.




Ауэзов М. Путь Абая. Четырехтомник. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2012




Әуезов М. Абай жолы: Роман. - Алматы, 1952. – 417 б.




Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек сөздері. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.




Әуезов М. О. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.




Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.




Ауэзов М. Великий поэт казахского народа Абай Кунанбаев. - М: Знание, 1954. - 24 с.




Абай әзілдері. - Алматы: Ғылым, 1995. – 96 б.




Абай туралы сөз. (Ұлы Абайдың 150 жылдық тойындағы ой-толғаныстары). – Алматы: Журналист, 1996. – 136 б.




Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2007. - 231 б.




Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.




Абай тілі сөздігі. - Алматы, 1968. – 733 б.




Абай және ұлттық идея. – Алматы, 2005. – 176 б.




Абай және қазіргі заман.: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 336 б.




Абай және Әуезов. Абайтану оқулары үшінші шығуы. - Алматы, 1998. - 227 б.




Абай және архив. – Алматы: Ғылым, 1995. – 216 б.




Абайды оқы, таңырқа.... - Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.




Абай мұрасы және қазақстан халқының рухани және ұлттық санасы концепциясының әдебиетте көрсетілуі. - Алматы, 1997. – 225 б.




Абайдың музыкалық творчествосы. - Алматы, 1954. - 60 б.




Анастасьев Н. Абай. Орыс тілінен аударған Ж.Ысмағұлов. - Астана: Аударма, 2010. – 472 б.




Анастасьев Н.А. Абай. – М.: Молодая гвардия; Астана: Фолиант, 2008. – 383с.




Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.




Ахметов З. Асыл сөз арнасы. – Алматы: Арда, 2008. – 400 б.




Ахметов З. Лермонтов и Абай. - Алма-Ата, 1954. – 61с.

«ШЫН ХАКІМ, СӨЗІҢ АСЫЛ БАҒА ЖЕТПЕС,
БІР СӨЗІҢ МЫҢ ЖЫЛ ЖҮРСЕ ДӘМІ КЕТПЕС.
ҚАРАДАН ХӘКІМ БОЛҒАН СЕНДЕЙ ЖАННЫҢ,
ӘЛЕМНІҢ ҚҰЛАҒЫНАН ӘНІҢ КЕТПЕС»

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ




Әлқожаев Қ.Қ. Абай эстетикасы және Ислам. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 152 б.




Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен). – Алматы: Жазушы, 1988. – 136 б.




Бөжеев М. Абайдың ақындық айналасы. - Алматы, 1971. – 110 б.




Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. – 232 б.




Бейсембиев К. Мировоззрение Абая Кунанбаева. - Алма-Ата, 1956. – 170 с.




Бельгер Г. Гармония духа. – М.: Русская книга, 2003. – 288 с.




Бельгер Г. Земные избранники (Гете. Абай): Литературно критические очерки-эссе. – Алматы: Жазушы, 1995. – 256 с.




Бисенова Г.Н. Песенное творчество Абая. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1995. – 168 с.




Бисенова Г.Н. Песенное творчество Абая. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. - 167 с.




Болатова Г.Ж. Анализ поэтики эпопеи «Путь Абая»: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университетi, 2014. – 138 с.




Габдуллин Б. Этические воззрения Абая. - Алма-Ата, 1970. - 102 с.



Гении культуры: Пушкин и Абай. – Ростов-на-Дону, Астана, 2007. – 254 с.




Гизатов Б. Абай и музыка. – Алматы: Гылым, 1995. – 124 с.




Григорьев Е.И. Абай и движение Алаш. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2010. – 276 с.




Ердембеков Б.А. Абайтану. - Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.




Есенжани А.Х. Эстетический идеал и поэзия Абая. - Алматы, 2004. – 144 с.




Есим Г. Философия слов. – Алматы, 2005. – 136 б.




Есимов Г. Хаким Абай. – Алматы: Білім, 1995. – 192 с.







Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революциашыл демократтары. - Алматы, 1959. – 266 б.

Жиренчин А. Абай и его русские друзья. - Алма-Ата, 1949. – 126 с.




Исабаев Б. Ұлылар мекені=В краю великом. - Алматы: Информ-Арна, 2010. - 336 б.




Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.



Көшеров Н.Ж. Абай ілімі-ұлттық идеяның іргетасы. – Алматы: Тау-Самал, 2010. – 64 б.




Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. - Алматы, 1995. – 344 б.



Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңі. – Алматы: КИЕ, 2009. – 328 б.




Қазақ көркем сөзінің шеберлері. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 б.




Қазақтың бас ақыны. – Алматы: Дәуір, 2004. – 120 б.




Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002. - 274 б.




Қасқабасов С.А. Абай. - Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 112 б.




Қоңыратбайұлы Ә. Абайдың романтизмі. - Алматы, 1994. – 132 б.




Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. - Алматы: Жазушы, 1969. – 244 б.




Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. Алматы: Ана тілі, 1993 – 56 бет.




Калмырзаев А.С. Эстетическое в творчестве Абая. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – 160 с.




Майтанов Б. Абай. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2004. – 92 б.




Майтанов Б. Тәуелсіздік - күрес мұраты: Зерттеулер мен мақалалар. - Алматы, 2012. – 490 б.




Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.




Медетбек Т. Абай әлемі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1995 – 116 б.




Мұқаметханов Ж. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. - Алматы, 1959. – 143 б.




Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.




Мұхамадиев Д.Б. Абайтанушы. – Алматы, 2013. – 234 б.




Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. - Алматы: Дәуір, 1997. – 240 б.




Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс – Алматы: Қазақстан 208 б.




Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 172 б.




Мырзахметов М.М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.




Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.




Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.




Назарбаев Н. Абай туралы сөз. - Алматы: Рауан, 1995. - 160 б.




Нәрібаев К.Н. Тұлғаларға тағзым (естеліктер). - Алматы, 2012. – 424 б.




Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2010. – 476 б.




Омаров Д. Абайтану курсы. Алматы: «Рауан», 1998. – 192 б.




Омаров Д. Ұлылар үндестігі. – Алматы: Санат, 1999. – 176 б.










Оразалин К. Абай ауылына саяхат. – Алматы: Жалын, 1994. – 288 б.

Оразалин К. Абайдан соң: Роман. - Алматы: Жазушы, 1972. – 264 б.

Оразалин К. Абайдан соң. Алматы: Жазушы, 1972. – 262 б.










Оразалин К. Абайдан соң: Роман. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 584 б.

Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алматы: Білім, 1995. - 136 с.

Өзбекұлы С. Абай және адам құқы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 112 б.




Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 128 б.




Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздері (Афоризмдері). - Алматы, 1958. – 39 б.




Пушкин-Абай және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2006. – 592 б.




Салғараұлы Қ. Таным баспалдақтары. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 120 б.




Сәбден О. Абай және қазақ болашағы. Тарихи ұлы тұлғалар. – Алматы, 2015. - 166 б.




Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қара сөздері. - Алматы, 1956. – 150 б.




Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. - 173 б.




Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 616 б.




Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.




Сильченко. М.С. Творческая биография Абая. - Алма-Ата, 1957. – 204 с.




Слово об Абае / Сост. С. Қорабаев. – Алматы: Өнер, 1994. – 192 с.




Тайшыбай З.С. Абай және баспасөз. – Қарағанды, 1996. – 175 б.




Тажибаев Т. Абай Кунанбаев о воспитании молодежи. - Алма-Ата, 1954. – 34 б.




Тажибаев Т. Философские, Психологические и педагогические взгляды. - Алма-Ата, 1957. – 80 б.




Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы: «Әл-Фараби», 1999. – 752 б.




Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері. – Алматы: Өнер, 2007. – 400 б.



Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.




Ізтілеуова С. Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі. – Алматы, 2011. – 164 б.


Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!




Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2009. – 392 бет.




Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш (1995-2006). – Алматы: Арда, 2007. – 208 б.




Абай Құнанбаев: Библиографиялық көрсеткіш (1995-2006). - Алматы: Арда, 2007. – 210 б.




Абай туралы естеліктер. 1 кітап,-
Семей. – Абайдың мемлекеттік
қорық-мұражайы, 2013.-260 б.




Сабден О.- Абай, Қазақстанның
болашағы және әлемдік
цивилизация.- Алматы, 2016. -304 б.




Абай және қазақ елінің болашағы.-
Сәбден О. – Алматы, 2017. - 216 б.




Салқынбай А.Б. Абай Сөзінің лингвопоэтикасы: монография. Алматы: Қазақ университеті, 2015.-242 б.




Тарақов Ә.С. Абайдың аудармашылық таланты.-Алматы: Қазақ университеті, 2018.-259 б.




Абай Құнанбайұлы. “Ата-анаға көз қуаныш”. Алматы, 2018.-30 бет.



*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым.*
*Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.*
*Жақсы менен жаманды айырмадың,*
*Бірі қан, бірі май боп екі ұртың.*






Абай. Шығармалары. – Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2019.- 488 бет.




Құнанбаев Абай. Хикмет кітабы. Алматы, 2011.-568 бет.




Абай. “Қара сөз”. - Алматы, 2015.-504 б.




Абай Құнанбаев.
Адам деген даңқым бар. – Алматы, 2018.-276 б.




Әубәкір Ж.М. Абайтану: Жалпы білім беретін мектептің 5-7 сынып оқушыларына арналған оқулық. – Астана, 2016.-304 б.




Абай және парсы әдебиеті: Монография. – Алматы: “Жазушы”, 2015.-200 бет.




Сабденов О. Абай и будущее
Казахстана.-Алматы, 2016. - 362 стр.




Султанбеков М. Абай и Шакарим
В XXI веке. Семей.-2015.-345 с.




Абай Кунанбаев в мировом
литературоведении. – Алматы:
Ғылым ордасы, 2017.-205с.




“Хакім Абай даналығы” атты
Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына арналған
Дөңгелек үстел материалдары
Алматы: “Ғылым ордасы”, 2015.-204 б.







Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Х томдық /
Алматы: Қазақ университеті, 2015.




*Марал*
*САНДЫБАЙ,*
***Ақтөбедегі С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қызметкері.***

# АБАЙ – ҒАЖАЙЫП ТҰЛҒА

Келер жылы қазақтың бас ақыны, философ, сазгер, аудармашы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өткелі отыр. Республика көлемінде қазіргі кездің өзінде де ақынның мерейтойына арналған түрлі мәдени-танымдық шаралар өткізілуде. Қазір елімізде мемлекеттік комиссия құрылып, дайындық шаралары пысықталуда. Бұл датаны ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ ұйымы аясында да тойлау қарастырылған.

«Абай — асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани шығармашылығын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ» - деп қазақтың көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов айтқандай, кемел ойдың кемеңгері Абай атамыз өзінің өмірінің соңына дейін қазақ халқының болашағына алаңдап, надандықпен күресіп өтті. Қара халқын әрқашан білімге, адамдыққа, еңбекке шақырды. Абай қоғамдағы кемшілікті, адам бойындағы мінді қазбалап жай айтып қойған жоқ, одан оңалудың, құтылудың жолы оқу, білім, ұрлық, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектіктен құтылудың жолы еңбек деді. Халқымыз Абайдың сөзін өзінің бойтұмарына айналдырса, рухани бай, толық адам ретінде өз өмірінің тізгінін нық ұстаған болар еді. Сол себептен де данышпан Абайдың шығармаларын оқу, насихаттау қай кезде де артық етпейді. Кітапханамыздың кітап қорын сақтау бөлімінде Абай Құнанбаевтың 1936, 1945, 1948, 1950 жылдары жарық көрген 4 кітабы сақталған. Бұл еңбектер кітапханадағы құнды жәдігер болып есептеледі. Ұлы ақынның шығармаларын қалың жұртшылыққа насихаттау мақсатында кітапханамызда жоспар бойынша үнемі маңызы жоғары шаралар өткізіліп отырады.

8 тамыз күні С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен әлем таныған қазақ халқының данышпан ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай бастау алған **«Мен Абайды оқимын»** атты республикалық акциясы, сонымен бірге **Art street** жобасы аясында библиофлаер және 9 тамыз күні **«Абай — адамзаттың ақыны»** атты флешбуктың онлайн-тұсаукесері өткізілді.



Мерейтойға арналған шара С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының алаңында кітапхана қызметкерлерінің үш топқа бөлініп, қала тұрғындарына Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығынан қысқаша мәлімет беретін библиофлаерлердің (ақпараттық-жарнамалық парақшалар) таратуымен басталды. Тұрғындарға библиофлаерлермен қатар «Жас Отан» жастар қанаты Ақтөбе облыстық филиалы ұйымдастырған шағын сыйлықтар таратылды. Кешті абонемент бөлімінің қызметкері Мұқашева Ақмарал жүргізіп, көрермендерге Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығынан мол мағлұмат берді.

Кешке «Абай мұрасы — халық ұлағаты» тақырыбында әдебиеттер көрмесі жабдықталып, ақын өлеңдерінен аудиожазба тыңдалды. Көрермендерге тақырыпқа қатысты викториналық сұрақтар қойылды.

Шарада С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері Әбжанов Нұрсұлтан «Әсемпаз болма әрнеге», С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қызметкері Омарханова Гүлназия «Әліпби», Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің үздік студенті атанған Картам Айшолпан «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», Ақтөбе көпсалалы колледжінің студенті, жас ақын Өтегенова Анар «Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі асыл тас», қаламыздағы №35 орта мектебінің оқушылары Қазақбаева Бақыт, Бекмырза Бекжан және Ойыл ауданы Құмжарған орта мектебінің оқушысы Жақсыбай Аружан «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерін оқыса, халықаралық, облыстық, республикалық байқаулардың лауреаты Жақсыбай Аружан Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін скрипкада, Қайратқызы Аяжан Құрманғазының күйін орындады. «Тандем» радиосының журналисі Айсын Мурсинқызы домбырамен Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты әсем әнін орындады. Жас ақын Утегенова Анар Абайдың мерейтойына арнап өзінің жүрегінің түбінен шыққан «Абайға арнау» өлеңін тебірене оқып, жиырма тоғызыншы қара сөзіне талдау жасады.

Өткізіліп жатқан шараға бей-жай қарап, өтіп кетпей өз өнерлерін ортаға салған тұрғындар мен қала қонақтары да болды. Олар қазақтың ғұлама ойшылы, данышпан Абайдың өлеңдері мен әндерін орындап, көрермендерді бір серпілтіп тастады. Аталмыш шараны ұйымдастырып отырған С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының ұжымына шын көңілден ризашылықтарын білдірді. Оның бірі-жерлесіміз, белгілі журналист қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласындағы «КТК» Акционерлік қоғамы Астана бюросының директоры қызметін атқарып жүрген Сейілхан Ербол Хамитұлы. Ол Абай атамыздың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» атты өлеңін оқып, «Абай Оксфордта, Гарвардта білім алған жоқ. Ол даланың заңдарына бағынды. Абай — қазақтың бас ақыны, мақтанышы. Әрбір қазақ баласы Абайдың мұрасын өзінің өмірлік




# АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙ-ТАНЫМДАРЫ

Ұлы ақын «ғылым-білім» сөзін жиі қолданған, оны асыл мұраны көктей өтетін терминнің бірі десек те болады. Поэзиясынан «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз» сияқты өлеңдерін атасақ та жеткілікті. Қара сөзінде: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек» (32-сөз) — дей келе, ғылымға үйренудің жалпыға ортақ алты шартын анықтап береді. Әсіресе, «Тасдиқ» (38-сөз) атты трактаты ғылым туралы пәлсапалық танымға толы. Сенсеңіз, Абай — ғылым түсінігін әлемдік деңгейде дәйектеген ғұлама.

Сонымен, «ғылым» деген немене?

Алдымен Алланың ғылымы және адамның ғылымы деген ұғымдарға тоқталайық. Өзіңіз де ойлаңыз, «Алланың махаббаты (ісі)», «Алланың хикметі», «Алланың әмірі (жазуы)» түсініктері бар болғанда «Алланың ғылымы» ұғымы неге болмасын. Құран Кәрімнің іші толған «Алла тағала әр нәрсені білуші» (Бақара сүресі, 282 аят), «Алла тағала Көк пен жерді жоқтан бар етуші. Ол барлық нәрсені жаратқан әрі Ол әр нәрсені білуші» (Әнғам сүресі, 101 аят) деген аяттар. Галактикада орналасуы мүлтіксіз миллиард жұлдыз, күллі ғаламда қозғалыс қатаң тәртіп пен заңдылықтарға бағынған. Бұлар Алла құдіретінің ғана емес, ғылымының да куәсі.

«Алланың ғылымы» ұғымына Абай: «Ғылым — Алланың бір сипаты, ол хақиқат» (38-сөз), — деген анықтамасын береді. Онан соң, Алла ғылымына ғарыштық мәнде «ғалами ғылым» деп ат қояды. Алла тағала он сегіз мың ғаламды Ғылым-құдіретімен жаратқан. Міне, Абай осыны ғылыми негізде әлемдік деңгейде дәйектеуге қомақты үлесін қосқан ой алыбы.

Енді хакім Абай негіздеген адамның ғылымы деген ұғымға тоқталып, оны да хал-қадірімізше тексеріп көрейік.



«Адамның ғылым-білімі, — дейді Абай, — хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады». Кәне, бұл ғылым-білімнің түп тамыры (генезисі) қайсы?

Алла тағаланың ұлық сегіз сипаты бар. Соның бірі — Ғылым сипаты. Бұл сегізінен «пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты» дейді Абай. Жаңағы Ғылым сипатын дарыту үшін Жаратушы Иеміз адам баласын ерекше ақыл иесі қылып жаратқан. Демек, ғылым мен ақыл тамырлас. Сол ақылы арқылы адамзат Алланың ғылымын хал-қадірінше ашып, таңғажайып табыстарға қол жеткізіп отыр. Компьютерге я ұялы телефонға таң қалмай көр. Бірақ адам баласы жоқтан бар жасауға дәрменсіз. Тек бардан бар ғана жасамақ. Қай ғалымның да мен аштым деп жүргені оның жаңалығы емес. Өйткені, Күн энергиясын, жердің асты-үсті байлығын пайдалануда адамзат қандай керемет жетістіктерге жетіссе де, бәрібір олар Құдайдың мүлкі, Құдайдың ғылымы болып қала бермекші.

«Көк туман — алдыңдағы келер заман» өлеңінде Абайдың:

*Адам ғапыл дүниені дер менікі,*
*Менікі деп жүргеннің бәрі Оныкі.*
*Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,*

Сонда, ойла, болады не сенікі? —деп ескертетіні сол. Қала, қалама: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп алатын пендеміз» (Абай).

Сөйтіп, дүниені дүр сілкіндірген небір керемет ғылыми жаңалықтың өзі де жоқтан бар жасау емес, тек дүниенің бұрын беймәлім жатқан сырын ашу, жаралып, жасалып қойған хикметтерді ақылмен білу болып табылады.

Тағы айтайық, ғылым мен ақыл тамырлас. Абай: «Ақыл — мағлұмдүр, ғылымның бір аты екендігі» дейді. Ғылымсыз өнер де, кәсіп те тұл. **Ұлттың ғылымын дамыту оның ақыл-ойын дамыту** (дәлелге жапон, еврей, неміс, кәріс сияқты жұрттарды алсақ та жеткілікті). Бірақ, ғылымға орасан шығын қажет қой, оңан да өзгенің дап-дайын ғылымын сатып алған жөн десеміз. Бұл адасушылық, қате бағыт! Дана Абай: «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер — өзі де



мал, өнерді үйренбек — өзі де ихсан», — деген. Бұл сөзде «Мал-дәулетті ( мұнай, газ т.б. байлықты) ғылымды өркендетуге жұмса. Ғылымды кәсіп қыл!» — деген астар бар (амал не, доктор мен академиктен полковник, генералы көп елміз әзірге).

Қорыта келгенде, адамның ғылымы деген Алланың ғылымының зәредей бөлшегі. Сол себепті ғылыми-техникалық прогресс дамуында шек те, шеңбер де жоқ. Бүгінгі күнгі таңғажайып сандық технологиялар алдағы уақытта жалғасын таба бермек. Ғылымы кенже ұлт, сөз жоқ, тоқырауға ұшырамақ.

Ғылым-білім қарыштап-ақ дамысын, бірақ оның шарты бар. Ол шарт турасында Абай былай деп айтқан: «Ол білім, ғылымы Құдайға мұқтәди болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтәди болсын. Яғни Құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады. Сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина (негіз) қылып, арқа сүйерлік шеберлікпен болсын. ...Буларсыз іс іс емес».

Көрдіңіз бе, Абай адамның ғылымы Алланың ғылымына, яки ғалами ғылымға үйлесімді болсын (арабтың «мұқтади» сөзі үйлесімді, бағыныңқы деген мәнде) деп діттеген. Осы талап ескірді деп кім айтар? Шыңғыстау баурайында ойға шомған кемеңгер тұтынушылық психология, экологиялық апат, ядролық текетірес сияқты осы замангы проблеманы көре білгендей.

Хакім Абай айтқан ғылым туралы философиялық ой-танымдар, сілтеген бағыттар мол. Олар азды-көпті екшелген ізденісті: «...Малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ» деген көрегендік өсиетімен сабақтамақпыз.

Абай — ғылым мен тәрбиені тұтастырған ой алыбы. Ұлы ойшыл бұл екі нәрсені қайтіп үйлестірген? Ғылым мен тәрбиенің сырлы байланысы неде? Абай жаңалығы қайсы? Келесі мақаламыздың өзегі осы мәселелер болмақ.

*Асан ОМАРОВ,*
*зерттеуші,*
*Мұрат ОМАРОВ,*
*Шәкәрім университетінің*
*аға оқытушысы.*


Абай өзінің туған халқымен
мәңгі-бақи бірге жасайды,
ғасырлар бойы қалың елін,
қазағын жаңа биіктерге, асқар
асуларға шақыра береді